



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

школьников и на широкую публику» [4, с. 267]. Имя С.Кубеева занимает почетное место в истории казахской литературы и образования начала XX в.

Развитие образования в Казахстане имеет традиции преемственности, которые созвучны идеям просвещения Ы.Алтынсарина, С.Кубеева.

Основной целью современной системы образования уже является не просто передача знаний и умений, а развитие способности подростка к самообразованию, к формированию умений быть конкурентоспособным на мировом уровне. Важно не просто приспособляться к существующим условиям, но и активно влиять на существующую действительность, изменяя её к лучшему.

Великие педагоги понимали, что главное богатство любой страны – это народ. Ведь только образованные, талантливые, успешные люди формируют базовый стратегический ресурс развития страны. Это движущая сила прогресса, источник новых жизненных благ.

#### Список литературы:

1. Фролов А.. Ибрай Алтынсарин и вопросы профессионального образования / ж. Професионал Казахстана, №2, 2001
2. Тажибаев Г. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – Алма-Ата, 1965.
3. Алтынсарин И.. Избранные произведения. Алма-Ата, 1957
4. Жиренчин А.М. Из истории казахской книги. Алматы, 1987. С.136–137.

ӘОЖ 37.034

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, ОЛАРДЫҢ ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ**

*Жамарова Гулжан Майлебаевна  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі  
М.Хәкімжанова атындағы Щербаков  
жалпы білім беретін мектебінің  
Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Қазақстан  
E– mail: gulzhan\_zhamarova@mail.ru*

#### **Аңдатпа**

*Өзектілігі және мақсаты: Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеясы мен қазіргі білім берудегі сабақтастық туралы айтылады. Ол жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл аударды, сол жолды әлі күнге дейін біз жалғастырып келеміз. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлаған ғалым туралы ойлар айтылған. Қазіргі білім беру саласына үлкен өзгерістер енгізіліп жатқандығы туралы баяндалған.*

***Түйінді сөздер:** прогрессшіл, халық ағартушысы, ұлттық педагогикалық тәрбие, білім беру үрдісі, тәрбиелік мағына.*

#### **Аннотация**

*Актуальность и цель: В этой статье изложены педагогические идеи Ибрая Алтынсарина, который придавал огромное значение воспитанию и образованию детей. Его прогрессивные взгляды имеют преемственность с современным образованием и внедряются в педагогический процесс и сегодня. Нас поражает глубина мыслей просветителя. Он предвидел те изменения, которые сегодня находят воплощение в обновлении содержания образования.*

***Ключевые слова:** прогрессивный, народный просветитель, национальное педагогическое воспитание, образовательный процесс, воспитательное значение.*

#### **Abstract**

*Relevance and purpose: This article outlines the pedagogical ideas of Ibray Altynsarin, who attached great importance to the upbringing and education of children. His progressive views have continuity with modern education and are being introduced into the pedagogical process, and today we are amazed at the depth of the enlightener's thoughts. He foresaw the changes that today are embodied in the renewal of the content of education.*

***Key words:** progressive, public educator, national pedagogical education, educational process, educational value.*

Қандай да болмасын ұлт белгілі бір кезеңде оқу – білімге ден қойып, жүйелі тәрбие үдерісіне қарай бет түзейді. Міне, осындай бетбұрыс кезеңі халықтық педагогикадан ғылыми педагогикаға қарай қадам жасау шағы қазақ топырағында Ыбырай Алтынсариннен басталғаны белгілі. Ыбырай Алтынсаринді ақын, жазушы, аудармашы дегендеріміздің өзі оның педагогикалық қызметінен шығып жатады. Сондықтан да Ыбырайдың әдеби мұрасы, негізінен алғанда, оқушы балаларға арналады. Бұл туралы Ыбырай Алтынсарин мұрасын зерттеуші М.Жармұхамедұлы: «Ыбырай Алтынсарин

мұрасының басым көпшілігі әдеби – көркем шығармалар болып келеді, алайда сол өлеңдері мен көркем әңгімелерін ол тек педагогикалық мұрат – мақсатқа сәйкес жазып, жаратады, бұл жәйт оның жазушылығы мен педагогтығының бір арнадан бастау алатынын аңғартады».

Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс. [1, б 138].

Қазіргі мектептерде оқытылып жатқан жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұныныңан кешегі Ыбырай салған жолмен ілгері жылжуды бақылауға болады. Бүгінгі заман талабына сай білім беруде мұғалімнің алдына қойған басты мақсаты, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу. Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ, ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт – дәстүрін меңгерту. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс – тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту Ыбырай еңбегімен үндесіп жалғасын тауып отырған іс деп қарауымызға болады.

Білім беру саласында мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты – Ыбырай Алтынсарин атамыздың салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті, сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет – ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім, ұстаздық білімділікпен қоса ізденімпаздықлық, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Ол үшін мұғалім ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып, өз біліктілігін үнемі арттырып, толықтырып отыруы керек.

Алтынсариннің міндеттері мұғалім туралы нұсқаулары – олардың қалай оқу керектігі – оның өз заманындағы методиканы терең және жан – жақты білгенін көрсетеді. Ауызша әңгіменің ойлау мен жазбаша жаттығулардың көптеген әдістері туралы түсіндірмесінде ол балалардың әрбір еңбегінің құр босқа ойсыз жаттауға жұмсалмай, мағыналы және жүйелі болуы керек екенін жазды. Әрі қарай ол балаларды тәрбиелеуде үстіртін және мардымсыз түсініктердің, шалағайлықтың болмауы керектігін ескертті. Ол нашар оқыту мен нашар қарым – қатынас балалардың басын қатырып, шатастыратын ал, керісінше балалар сергек, олармен қарым – қатынас неғұрлым жақсы оқушылардың көңіл – күйіне әсер неғұрлым көп болса, сабақ соғұрлым табысты болатынын нақтылы мысалдар арқылы түсіндірді.

Оқу методтары мен балаларды оқыту тәсілдерін Ы.Алтынсарин мұғалімдерге олардың кең тәрбиелік мағынасында түсіндіретін. Оқыту методтары – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын (ынталандыратын, ықыластандыратын) жол. Сабақта балалардың ойлау қабілетін арттыратын жаттығулар қажет, мысалы, әңгіме, түсіндіру арқылы оқыту методы. Бұл көрнекілік заттарды және өмір фактілерін пайдалануға көмегін тигізеді: заттарды және құбылыстарды суреттеу, олардың қасиеттерін салыстыру, әр түрлі қортындылар жасау. Сондықтан да балаларда дұрыс ойлау қабілеті қалыптаса бастайды.

«Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасында балаларды оқыту тәсілдері тиімді оқыту, табысты оқыту, сындарлы оқыту тәсілдерімен жалғасын тауып отыр. Оқытудың бұл тәсілдерін қолдануда мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырады, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыруға ынталы болады – бұл жерде де ұлы ағартушының ұстанымының жаңа заман талабымен үндестігін көруімізге болады.

Заман өзгеріп, таным жаңғырғанымен Ыбырай сияқты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы қазіргі оқушыларға да, жастарға да, ұстаздарға да үлгі. Ыбырай Алтынсарин нағыз ұстаздың, оқушыларға деген, өз мамандығына деген кемел үлгісі. Ол хаттарының бірінде былай деп жазған болатын: «Осы жылы январьдың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді; бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уақыттарда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын... Менің үнемі ұмтылған тілегім: қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал, қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады» [2, б 25]. Ұстаздың осы хатынан – ақ оның бала оқытуға деген ерекше ықыласын, терең сүйіспеншілігін тануға болады. Ы.Алтынсарин өзінің алдына ақындықты, жазушы-

лықты, болмаса аудармашылықты емес, ең алдымен ұстаздықты мақсат етті. Оның өлеңдері мен әңгімелері, ондағы көтерілген тәрбиелік идеядағы мәселелер жас жеткіншектер тәрбиесінде өзінің өзектілігін жоймақ емес. Білімге ұмтылушылық, адалдық, еңбекқорлық, талаптылық, адамгершілік, кішіпейілділік сияқты жас баланың санасында орын алуға тиісті адами қасиеттер Ыбырай шығармаларының өзегі. Бұлар қай кезеңде болмасын, адам тәрбиесінде ерекше орын алуға тиісті қасиеттер десек, онда осылардың баршасын Ыбырай Алтынсариннің туындыларынан табамыз. Сондықтан да қазіргі тәрбие мәселесінде Ыбырай Алтынсариннің алатын орны ерекше. Айталық, оның «Қыпшақ Сейітқұл» атты әңгімесі [3, б 75] арқылы балаларды іздемпаздыққа, еңбекқорлыққа баулысақ, «Өнер – білім бар жұрттар», «Балғожа бидің баласына жазған хаты» өлеңдері арқылы оқушыларды оқу – білімнің қажеттілігі, артықшылығы сияқты ойға жетелейміз.

Ыбырай Алтынсариннің қазіргі замандағы тәрбие беру үдерісімен сабақтасатын еңбектері – оның халық ағарту мәселелері хақындағы ой – пікірлері. Бұл ой – пікірлерді біз оның мақалаларынан, хаттарынан, есептері мен рапорттарынан көреміз. Ыбырайдың бұл еңбектерінде де жоғарыда айтқандай, білім алуға құштарлық, еңбексүйгіштік, адамгершілік, адалдық, инабаттылық сияқты қасиеттерге ерекше мән беру байқалады. Ы.Алтынсариннің мұрасында айтылатын тәрбие берудің жан – жақтылығы жөнінде белгілі ғалымдар Қ.Жарықбаев пен С.Қалиев былай деп жазған болатын: «Көшпенді елдің өзінің ерекшелігіне орай ол имандылық, инабаттылық, ақыл – ой, еңбек, тазалық, сұлулық тәлімдеріне байланысты бірқатар тың идеялар айтты. Ұстаздық, әдеп, ата – ана, ересектердің жас буынға үлгі – өнегесі, адамның өзін – өзі тәрбиелеу мәселелерін қазақ өміріне орай түсіндірді».

Ы.Алтынсариннің демократиялық – ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз – тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми – әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден шығармаларында қазақ халқының ХІХ ғасырдағы қоғамдық өмірінде, болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан – жақты қамтып жазуға жұмсады [4, б 172].

Ұлы ұстаз: «Өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады», – деген. Оның бұл пікірінен ұстаздың еңбексүйгіштікті, адам өміріндегі еңбектің рөлін қаншалықты түсінгендігін байқасақ, тағы бір маңызды жағы еңбектің мәнділігі мен пайдалылығын насихаттағанын көреміз. Сондай – ақ Ыбырайдың ойынша, адам өзінің істеген еңбегінен ләззат алу керек, тіпті оны ол «кісіліктің басты белгісі» деп бағалайды. Қазіргі тәрбие үдерісінде еңбек жайындағы оның осы үш ұстанымы да – көкейкесті мәселе. Әсіресе жас ұрпақты өзі атқарған пайдалы еңбектен ләззат алуға баулу – үлкен мәселе. Мектеп оқушыларын еңбек етуге баулуда оны бедел жинауға, пайда табуға, жәке басының мансабын арттыруға емес, одан рухани қанағат алуға қарай бейімдесек, онда біз оны еңбек тәрбиесімен бірге, адамгершілік тәрбиесіне де тартқан болар едік.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке көп мән мерген. «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады» – деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды [5, б 90]. Ол бірде тәртіп – тәрбие құралы десе, бірде тәртіп – тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал халық педагогикасындағы «тәрбие – тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай – ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендіктен көпшілікке ұсынған осы тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр.

Ыбырай Алтынсарин жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл аударды, сол жолды біз жалғастырып келеміз. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлаған ғалым еңбегі өлшеусіз, қазіргі білім беру саласына үлкен өзгерістердің негізін Ыбырай сол кезде болжап кеткендей.

Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға, зиянды іс – әрекеттен, ұрлық зорлық жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырады.

Қазақ халқының келешегі тек өнер білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл, кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатына жете білді.

Ұлы ұстаздың қандай да шығармасын алсаң да оқушысының санасын оятып, жасөспірімдерге үлгі – өнеге берерлік, болашағына жол сілтерлік, оларды іс – әрекетке үйретіп өмір танытарлық ой тастайды. Өнерге ұмтылу, Отанын, елін сүю, талаптылық, жігерлілік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуге қажетті мәселелерді қамтиды.

Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, мәдениеттілікті қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады.

Қазақстанның егеменді ел болғаннан бері білім саласындағы білімді де, білікті де маман дайындау және білім саласын бүкіл әлемдік стандарттарға сай өзгерістер мәселесіне мемлекет

басшысы баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етіп, білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан білім саласына қолдау көрсетуде. Себебі қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім жүйесін қайта қарау екендігінің дәлелі болды. Сонымен қатар тек қана білім берумен қатар тәрбиелеу мақсатында зор үлес қосу бұл біздің – ұстаздар қауымының қолында деп ойлаймын. Ыбырай шығармашылығында көтерген өз мәселелерін дәл осы, яғни ХХІ ғасырда дұрыс және тиісті жерлерде ұстана білуді талап етеді. Яғни, өнер – білімсіз, қолөнер кәсіпсіз, еңбек етпей, достық пен қарым – қатынассыз адам өз өмірінде тиісті білім ала алмайды. Өйткені, бірін – бірінсіз олар тиісті нәтижеге жете алмайды.

Жоғарыда аталған жұмыстың түгелі біздің еліміздің өркендеуіне көп үлес қосады. Яғни, осы еліміздегі барлық өзгерістің бастауын мектеп мұғалімдерінен, өзімнен бастаймын. Яғни мектепте оқушыларды қандай да өзгерістерді енгізу – бұл біздің қолымызда.

Қазақстанның әрбір оқушысы мектептен алған тәлім – тәрбиені қалай қабылдаса, сол шәкіртіміз оны өмірде солай пайдаланады. Сондықтан да мектеп ұстаздары, ата – аналары әртүрлі өзгерістерді енгізуге зор үлесімізді қосып, ақыл – ойы дамыған, жан – жақты тұлға тәрбиелеуге қол жеткізе білейік.

Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, мәдениеттілікті қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады.

Алтынсариннің педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделіп жазылған және де бүгінмен үндесіп, Мәңгілік еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде зор үлесін қосып отыр десек қателеспейміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ы.Алтынсарин тағлымы, Алматы, 1991 ж.
2. Ы. Алтынсарин. Үш томдық шығармалар жинағы III том. Алматы, 1978 ж. 325 б.
3. Ы.Алтынсарин. Екі томдық шығармалар жинағы 1 том. Алматы, 2003ж. 240 б.
4. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім – тәрбиесі. Алматы, 1990 ж.
5. М.Медетбекова. Журнал «БІЛІМ – ОБРАЗОВАНИЕ». №3 (98) 2021 ж.

УДК 37.013.43

#### **РАЗБОР ТРУДОВ И.АЛТЫНСАРИНА И СВЯЗЬ ИДЕЙ ВЕЛИКОГО ПРОСВЕТИТЕЛЯ С СОВРЕМЕННОСТЬЮ**

*Жанғылши Абылай Койшыбаевич  
магистр права, учитель истории  
E – mail: jan.kylysh@mail*

*Абдуллина Дана Мустафьевна  
учитель химии*

*E – mail: jan.kylysh@mail.ru*

*КГУ «Школа-гимназия города Тобыл  
отдела образования Костанайского района»  
Костанайская область, Костанайский район  
г. Тобыл, Казахстан*

#### **Аннотация**

*Актуальность и цель. В данной статье авторы показывают актуальность педагогических идей педагога – новатора И.Алтынсарина. В статье разбираются различные работы просветителя. Идет раскрытие идеи патриотизма, гуманизма, честности скромности и справедливости в трудах И.Алтынсарина.*

*Ключевые слова: просветитель, культуролог, педагогика, история, воспитание.*

#### **Аңдатпа**

*Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақалада авторлар педагогика – инноватор и. Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өзектілігін көрсетеді. Мақалада қайраткердің әртүрлі жұмыстары талданады. И.Алтынсариннің еңбектерінде патриотизм, гуманизм, адалдық, қарапайымдылық және әділдік идеясы ашылууда.*

*Түйінді сөздер: ағартушы, мәдениеттанушы, педагогика, тарих, тәрбие.*